

Зеренді ауданының елді мекендерінде ауыл шаруашылығы жануарларын ұстau ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Зеренді аудандық мәслихатының 2004 жылғы 27 сәуірдегі № 8-44 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2004 жылғы 14 мамырда № 2514 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Зеренді аудандық мәслихатының 2010 жылғы 9 сәуірдегі № 27-173 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Зеренді аудандық мәслихатының 09.04.2010 № 27-173 шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес Зеренді аудандық Мәслихаты

ШЕШТИ:

1. Зеренді ауданының елді мекендерінде ауыл шаруашылығы жануарларын ұстau ережесін бекітілсін (қоса беріледі).
2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық Мәслихаттың бюджет, қаржы, әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Сессия төрағасы	Аудандық мәслихаттың хатшысы
Аудандық	Мәслихаттың
2004	сәуірдегі
жылғы	27
№ 8-44 шешіміне қосымша	

Зеренді ауданы елді мекендерінде ауыл шаруашылығы жануарларын ұстau ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер Зеренді ауданы аумағында ауыл шаруашылық үй жануарларын ұстайды белгілеу мақсатында өзірленіп, жеке және заңды тұлғалардың осы Ережелердің бұзған үшін жауапкершіліктерін белгілейді.
2. Ережелер меншік түріне қарамастан ауыл шаруашылығы жануарларын ұстайтын барлық жеке және заңды тұлғаларға тарайды.
3. Осы Ережелер Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына, Қазақстан

Республикасының "Әкімшілік құқықбұзушылық туралы" Кодексіне және Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңына сәйкес әзірленген.

4. Осы Ережелердің сақталуын бақылауды ережелердің сақтамаған тұлғаларды әкімшілік жауапкершілікке тарту мәселелерін шешетін аудандық ішкі істер бөлімі мен ветеринарлық қызмет жүзеге асырады.

2. Ауыл шаруашылық үй жануарларын ұстау

5. Үй жануарлары аулада көршілерге кедергі келтірмейтін арнайы бөлінген жаіларда ұсталуы тиіс.

6. Ауыл шаруашылық жануарлар иелері оларды ұстаудың зоотехникалық және ветеринарлық талаптарын сақтауға, қоршаған ортаны ластамауға міндетті.

7. Мал тұратын жайлар тоқсан сайын әктеліп, жылына кем дегенде бір рет залалсыздандырады. Қилар, жем-шөп қалдықтары, қоғамдарында үақытында төгіліп тұрады.

8. Малдардың көшелерде, аландарда, скверлерде, парктерде және басқа қоғамдық пайдалану орындарында жүруіне тыйым салынады.

3. Жануар иелерінің міндеттері

9. Жануарлар иесінің міндеттері:

1) жануарларды биологиялық ерекшеліктеріне сәйкес ұстасу, оларға мейірімділікпен қарау, қараусыз қалдырмау, ауыра қалған жағдайда үақытында ветеринарлық көмекке жүгіну;

2) жануарларды осы Ереже талаптарына сай қалыпта ұстауды қамтамасыз ету;

3) Қоршаған орта қауіпсіздігін және тыныштық пен санитарлық ережелерді сақтауды қамтамасыз ету шараларын қабылдау;

4) Қоғамдық пайдалану орындарын ластауды болдырмау;

5) жануарлар өлексерін кез-келген жерге тастамау, жануарлар өлексері жоғылуы тиіс.

10. Жануарлар мен құс иелері жануарлардың нәжістерін жүйелі түрде жинастырып, төгулері немесе жоюлары керек.

11. Жануарлардың иелері паразитті насекомдар мен кемірушілердің пайда болуын болдырмау шараларын қабылдауға, жануарлар мен құстарды қараусыз қалдыруға міндетті.

12. Жануарлардың иелері белгіленген мерзімдерде міндетті ветеринарлық және жануарлардың жүқпалы ауруларын жою іс-шараларын өткізуге, жануарларды оқшаулау режимін сақтауға міндетті.

4. Жануарлар иелерінің ережелерді бұзған үшін жауапкершіліктері

Осы Ережелерді бұзған кінәлі жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің 310 бабына және Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңына сәйкес жауапқа тартылады.

Ветеринария туралы заңнамаларды және ветеринария шеңберіндегі басқа да нормативтік құқықтық актілерді, сонымен қатар жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың эпизоотиямен құресу мәселелері бойынша қабылдаған шешімдерін бұзғандары үшін азаматтарға бес айлық есептік көрсеткішке дейінгі, лауазымды тұлғаларға жиырма айлық есептік көрсеткішке дейінгі, заңды тұлғаларға жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерлерде айыппұл салынады.

Мұндай бұзушылықтарға мыналар жатады:
ауру жануарларды жою жөніндегі міндетті ветеринарлық-санитарлық іс-шараларды жүргізуден бас тарту;

ауру жануарларды тарату;

жануарларды өсіру кезінде ветеринарлық-санитарлық ережелерді сақтамау;

Айыппұл салу туралы Қаулыны аудандық ішкі істер бөлімінің немесе ветеринарлық қызмет өкілдері жазады.

Жоғарыдағыдан бұзушылықтар кезінде материалдық залал келтірілген жағдайда жәбірленуші залалдың орнын толтыру үшін сотқа жүгінуге құқылы.